

Φ4.03-05

«М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕ АҚ

**«СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ КӨРІНІСТЕРИНЕ
НӨЛДІК ТӨЗІМДІЛК»
тақырыбындағы апталықтың
хаттамасы (3 - күн)**

«13» қараша 2024 ж.

Cafat 09:00

Эскери кафедра ғимараты

Қатысқандар: Сыбайлас жемқорлықта қарсы комплаенс-қызмет жетекшісі Г.Дулатова, Әскери кафедраның басшылық құрамы, оқытушылары және 130 ЗЛ, 131 ЗЛ, 430 ЗЛ, 240 ЗЛ, 241 ЗЛ, 242 ЗЛ, 243 ЗЛ, 244 ЗЛ, 340 ЗЛ, 341 ЗЛ, 740 ЗЛ, 800 ЗС, 209 ЗС, 501 ЗС, (жалпы саны 14 взвод) взводтарының 265 білім алушысы.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Эскери кафедра білім алушыларын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мен ішкі актілер нормаларын түсіндіру, кері байланыс арналарын хабарлау, тыйымдар мен шектеулерді, жауаптылықты ескерту.

Сөз алды: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жетекшісі Г.Дулатова.

Университеттің Әскери кафедрасы мен сыйбайлас жемқорлыққа ақарсы комплаенс-қызмет жоспарына сәйкес ұйымдастырылған «Сыйбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділік» апталығының маңызына тоқталды.



Апталық қатысушыларына ағымдағы жылдың 11-15 қарашасы аралығына өтетін апталықтың мақсатын хабарлап, іс-шара сыйбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділікті қалыптастыруға, құқықтық сауаттылықты арттыруға, патриоттық тәрбиені дәріптеуге, парасаттылық және корпоративтік этика құндылықтарын насиҳаттауға бағытталғанын баяндады.

Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарымен байланысты әкімшілік, қылмыстық жауаптылық түрлерін ҚР Конституциясы, ҚР «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заны, ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексі, ҚР «Әкімшілік рәсімдік-процестік» кодексі және т.б нормативтік-құқықтық актілер мен заңға тәуелді актілер нормаларына сілтеме жасай отырып, ақпараттандырды.



Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін әкімшілк жауапкершілікті, жазаның бұлтартастығы қағидатын түсіндіріп, заңсыз сыйақы алу, беру және жинау фактілерінің, заңсыз қызметтер көрсету, жеңілдіктер ұсыну сияқты әрекеттердің қылмыстық жазалау қатерін туыннататынын айтты.

Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы құқықтық сана мен мәдениеттің аражігін ажыратып, оған ерекше мән беруге шақырды.

Тәртіп пен білімнің, ғылым мен мәдениеттің ортасына айналған білім беру ұйымында оның әрбір мүшесінің заң нормаларын білуі, сақтауы және оғаны сөзсіз бағынуы корпоративтік мәдениетті арттыруға септігін тигізетінін түсіндірді.

Сондықтан жаңа апталық аясында білім алушыларды жинап, алдын алу мақсатында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын түсіндіріп, хабарлау арналарын таныстырып, профилактикалық іс-шаралар өткізіліп отырғанын айтты.

Мемлекеттің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын жүйелі үйлестіру мақсатында Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі құрылғанын,

комплаенс-қызметтің мақсаты мен міндетін, жұмыс бағыттарымен таныстырыды.

Білім алушыларға М.Әуезов атындағы ОҚУ қызметкерлері мен білім алушыларына арналған ішкі тәртіп ережелері мен басқа да құжаттарды бекітіп, аталған ішкі актілермен жұмыс жасайтыны баяндалды.



Атап айтқанда, М.Әуезов атындағы ОҚУ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты нормаларын түсіндіріп, Стандартта қызметкерлер мен білім алушылар үшін шектеулер, тыйымдар мен рұқсаттар жүйесі, құқық бұзушылықтан сақтандыратын ұсынымдар жүйесі бекітілгенін хабарлады.

М.Әуезов атындағы ОҚУ Әдеп кодексінде жұмыскерлер мен білім алушылардың қарым-қатынасы барысында басшылқұа алатын мінезд-құлық стандарттары мен жүріс-тұрыс ережелері бекітілгенін мәлімдеді.

М.Әуезов атындағы ОҚУ Академиялық адалдық қағидаларында аудиториялық сабактан бастап, жалпы білім беру процесіне қойылатын адалдық талаптары көрсетіліп, академиялық адалдықты бұзғаны үшін жауапкершілік түрлері қарастырылғанын айтты.

Сонымен қатар, «Сенім телефоны», «Ректор блогы», «14-24» өзге де кері байланыс арналарына хабарлама беру негіздері, университеттің Әдеп жөніндегі уәкілі мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке жүгіну мүмкіндігін баяндауды.

Әлеуметтік желі параптерінде орнатылғандағы аккаунттарды хабарлап, бұл арналар арқылы да кері байланыс орнатуға болатынын түсіндірді.

Қосымшаа сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы хабарлау арналары, **14-24** call-орталығы туралы үlestірілім материалдары дайындалып, білім алушылармен белсенді таратылатынын, университеттің оқу залдары, аудиториялары мен кабинеттеріндегі қызметтік компьютерлерге, LED

экрандарға сыйайлас жемқорлыққа қарсы ақпараттар мен 14-24 call-орталығы туралы баннерлер қойылғанын хабарлады.

ШЕШІМ:

1. ҚР «Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының, М.Әуезов атындағы ОҚУ Сыйайлас жемқорлыққа қарсы стандартының, Әдеп кодексі мен Академиялық адалдық қағидаларының нормалары басшылыққа алынын.
2. Әскери кафедраның барлық взводтарында білім беру процесінде академиялық ашықтық пен айқындық қамтамасыз етілсін.
3. «Сенім телефоны», «14-24» және өзге де кері байланыс арналары әлеуметтік желі парапеллары мен ресми интернет ресурстарға орналастырылсын.
4. Өткізілген іс-шара туралы ақпарат әлеуметтік желі мен ресми ресурстарға орналастырылсын.
5. Мәліметтер назарға алынын.

**Сыйайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс-қызметінің жетекшісі**

Г.С.Дулатова

Хатшы

Д.Құрасбек